

Мектеп басшыларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы, бастауыш сынып оқушыларының математикалық қабілеттері ерекше дамыған дарынды балаларды айқындау, қолдау, математикадан білімдерін тереңдету және кеңейту мақсатында 2-4 сынып оқушыларына арналған «Бастау» республикалық математикалық олимпиадасының аудандық кезеңі 5-ақпанда өтетінін хабарлайды.


Осыған орай, олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысатын оқушылардың сұранысын ағымдағы жылдың 29 қаңтарына дейін қосымша кестеге сәйкес бастауыш сынып әдіскеріне немесе abb_gulnaz@mail.ru поштасына жіберулеріңіз керек.

Негіздеме: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының 2026 жылғы 20 қаңтардағы №28 хаты.

Қосымша 1: Олимпиада ережесі

Қосымша 1: Өтінім үлгісі

Басшының м.а.




Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Джуматаева
Тел: 87784290292

2-4 сынып оқушыларына арналған республикалық математикалық «Бастау» олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысатын оқушылар тізімі

№	Ауданы	Команда атауы	Оқушының аты-жөні	Оқушының ЖСН	Сыныбы	Оқыту тілі	Мектебі	Жетекшінің аты-жөні	Жетекшісінің ЖСН	Лауазымы	Телефоны, эл. Почтасы

Ескерту: Әр оқушының өз жетекшісін жазу керек

«Утверждаю»
Директор регионального
научно-практического центра
«Жамбыл дарыны»
 М.Есеналиева
«10» 01 2026 год

ПРАВИЛА
проведения районного, областного этапа математического олимпиады
«Бастау» для учащихся 2-4 классов

I. Общие положения

1. Настоящие правила определяют цели и задачи, порядок организации и проведения, а также определяют победителей и призеров олимпиады по математике «Бастау» для учащихся начальных классов (далее – Олимпиада).

2. Цель олимпиады – развитие и поддержка талантливых учащихся начальных классов с выраженными математическими способностями.

3. Основные задачи олимпиады:

- создать условия в виде специального командного соревнования как творческого взаимодействия в интересах одаренных младших школьников в области математики;

- формирование команды олимпийского резерва по математике из числа республиканских одаренных учащихся начальных классов;

- развитие умений учащихся начальных классов к участию в индивидуальных и командных соревнованиях;

- стимулирование познавательной и творческой деятельности младших школьников, углубление и расширение знаний младших школьников по математике.

II. Участники олимпиады

1 Первый (районный/городской) этап олимпиады проводится организациями образования не позднее 6 февраля 2026 года.

2. Учащиеся 2-4 классов могут участвовать в олимпиаде в составе команды из 3-х участников во всех типах организаций образования.

3. Состав каждой команды определяется в следующем формате:

В каждой команде по 4 человека (1 руководитель и 3 ученика) со 2 класса - 1 ученик, с 3 класса - 1 ученик, с 4 класса - 1 ученик.

4. В областном этапе от каждого района (города) могут принять участие две команды (одна команда – с казахским языком обучения, вторая команда – с русским языком обучения), занявшие 1 место на районном/городском этапе.

5. Руководителем группы должен быть специалист начальных классов в области математического образования (учитель начальных классов, учитель математики, методист, руководитель математическим кружком).

6. За здоровье и безопасность участников во время олимпиады и во время поездки несут ответственность руководители команд.

III. Порядок организации и проведения олимпиады

1. Для подготовки и проведения олимпиады и его организации создается оргкомитет.

2. Оргкомитет ежегодно непосредственно руководит подготовкой к Олимпиады, утверждает методический совет, состав жюри, список команд-участниц и награждает победителей и призеров.

3. Жюри олимпиады проверяет и оценивает работу участников, дает рекомендации оргкомитету для награждения победителей.

4. Олимпиада проводится в 3 этапа:

I этап – районный/городской;

II этап - областной;

III этап - республиканский.

5. Просим направить заявки на участие в областном этапе Олимпиады, заверенные подписью руководителя, на электронную почту ~~_____~~ в срок до 10 февраля 2026 года.

6. Второй областной олимпиады состоит из 2-х туров:


1 тур - командная письменная олимпиада;

2 тур - индивидуальная устная олимпиада.

Олимпиада проводится на двух языках, на казахском и на русском.

IV. Подведение итогов и награждение

1. По итогам олимпиады команды-победители награждаются дипломами I, II, III степени областного управления образования. Количество дипломов I, II и III степени определяется исходя из следующей пропорции: не более 50% от количества победителей награждаются дипломами III степени, не более 30% - дипломами II степени, не более 20% - дипломами I степени. Количество победителей и призеров увеличивается по решению жюри в случае, если несколько участников набрали одинаковое количество баллов, соответствующее низшему уровню, необходимому для определения призовых мест.

«Бекітемін»
«Жамбыл дарыны» аймақтық
ғылыми-практикалық
орталығының директоры
 М.Есеналиева
«10» 01 2026 жыл

**2-4 сынып оқушылары арасындағы «Бастау» Республикалық
математикалық олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңдерін
ұйымдастыру және өткізу туралы ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ереже

1. Осы Ереже Математика пәнінен бастауыш сынып оқушыларына арналған «Бастау» олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, жеңімпаздар мен жүлдегерлерін анықтайды.

2. **Олимпиаданың мақсаты** – математикалық қабілеті айқын білінген дарынды бастауыш мектеп оқушыларын дамыту және қолдау көрсету болып табылады.

3. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- математика саласындағы дарынды бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтары бойынша шығармашылық қарым-қатынас ретінде арнайы командалық сайыс түрінде жағдай жасау;
- облыстық дарынды бастауыш сынып оқушыларының ішінен математика пәні бойынша олимпиадалық резерв құрамасын қалыптастыру;
- бастауыш сынып оқушыларының жеке және командалық сайыстарға қатысу дағдыларын дамыту;
- бастауыш сынып оқушыларының танымдық және шығармашылық белсенділіктерін ынталандыру, математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының білімдерін тереңдету және кеңейту.

II. Олимпиада қатысушылары

1. Олимпиаданың бірінші (аудандық/қалалық) кезеңі 2026 жылдың 6 ақпанынан кешіктірілмей білім беру ұйымдарымен өткізіледі.

2. Олимпиадаға білім беру ұйымдарының барлық түрлері бойынша 2-4 сынып оқушылары 3 қатысушы команда ретінде қатыса алады.

3. Әрбір команданың құрамы келесі формат түрінде анықталады:

Команда құрамында 4 адам (1 команда жетекшісі және 3 оқушы)
2 сыныптан – 1 оқушы, 3 сыныптан – 1 оқушы, 4 сыныптан – 1 оқушы.

4. Облыстық кезеңге әр ауданнан (қала) бірінші (аудандық/қалалық) кезеңде 1 орын алған екі команда (бір команда-қазақ тілінде, екінші команда –орыс тілінде) қатыса алады.

5. Команда жетекшісі математикалық білім саласындағы бастауыш мектептің маманы болуы тиіс (бастауыш сыныптың мұғалімі, математика пәнінің оқытушысы, әдіскер, математика үйірмесінің жетекшісі).

6. Олимпиаданың өту барысында және жол жүру уақытында қатысушылардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі команда жетекшілерінің жауапкершілігіне жүктеледі.

III. Олимпиаданың ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Олимпиаданы өткізу және ұйымдастыру жұмыстарын дайындап жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын олимпиада бойынша өткізілу мерзімі мен өтетін орнын, дайындығын тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады, әдістемелік кеңестің, қазылар алқасы құрамының, қатысушы-командалардың тізімін бекітеді және жеңімпаздарды марапаттайды.


3. Олимпиаданың қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау бойынша ұйымдастыру комитетіне ұсыныстарын енгізеді.

4. Олимпиада 3 кезең бойынша өткізіледі:

I кезең – аудандық/қалалық;

II кезең – облыстық;

III кезең – республикалық.

5. Олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысу үшін басшының қолымен расталған өтінімдерді 2026 жылғы 10 ақпанға дейін  электронды поштасына жіберулеріңізді сұраймыз

6. Олимпиаданың екінші облыстық кезеңі 2 турдан тұрады:

1-тур – «Әу баста» командалық жазбаша;

2-тур – «Бәйге» жеке жазбаша.

Олимпиада қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі.

IV. Қорытындылау және марапаттау

1. Олимпиаданың қорытындысы бойынша жеңімпаз командалар облыстық білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. I, II және III дәрежелі дипломдардың саны мынадай пропорция негізге алына отырып айқындалады: жеңімпаздар санының 50% - дан аспайтыны III дәрежелі дипломдармен, 30% - дан аспайтыны II дәрежелі дипломдармен, 20% - дан аспайтыны I дәрежелі дипломдармен марапатталады. Егер бірнеше қатысушы жүлделі орындарды анықтау үшін қажетті төмен деңгейге сәйкес бірдей ұпай санын жинаған жағдайда, жүлдегерлер саны қазылар алқасының шешімімен көбеюі мүмкін.